

«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ (Т1)»
ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ
ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

10-сынып

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы.....	3
1.3	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы.....	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу.....	3
2.1	Бағалау міндеттері.....	4
3	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым	4
3.2	Балдардың үлестірілуі.....	5
3.4	Емтиханды өткізу тілі	5
3.	Емтиханды өткізу процесін басқару	5
5.	Балдарды қою процессі.....	6
6.	Бағаларды қою процесі	6
6.1	Бағалар сипаттамасы	6
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі	7
7.1	Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым	8

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.


1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

10-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE бағалау міндеттеріне сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

10-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 9 және 10-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы



Сыртқы жиынтық бағалау критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кіреді.

2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым	135 минут
Оқушылар 60 балмен бағаланатын екі міндетті сұраққа жауап береді. 1-сұрақ. Жалпы көлемі 600 сөзден аспайтын және бір-бірімен тақырыптық тұрғыдан байланысты екі үзіндіден тұрады. 1-сұрақта екі жазбаша тапсырма бар: 1(а) тапсырмасында үзінділердің тілі мен стилін салыстыру қажет (15 балл). 1(ә) тапсырмасында берілген тақырып бойынша және нақты мақсатты аудиторияға арнап, көлемі 150–180 сөз болатын мәтін жазу керек. 1(ә) тапсырмасында мәтіндердің өңделген материалын аргумент ретінде қолдана отырып, сәйкес лексика мен стильді пайдалану қажет (20 балл). 2-сұрақ. Оқушыларға үш нұсқаның біреуін тандап, көлемі 350–450 сөз болатын шығармашылық жазба мәтінін жазу ұсынылады. Бұл сұрақ 25 балмен бағаланады. Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.	

2.1 Бағалау міндеттері

Бағалау міндеттері оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттарына сай келеді.

1-БМ	Коммуникативтік құзырлық Оқушы: • түрлі дереккөздерінен алынған мәтіндерді салыстыруы, жанрлардың абстрактылы және нақты тақырыптарын түсінуі; • дәйектілікпен тиімді талдауы, бағалауы, болжауы, іріктеуі және ақпаратты беруі, идеяны дамытуы және қалыптастыруы, интерпретация және әртүрлі болжамдарды, тәуелсіз көзқарастарды қолдана білуі; тақырыптарды анықтап жалпы сипаттауы және ойды тұжырымды етіп айтуы, өз пікірлерін жеткізуі; • стилистика түрлерін, астарлы және басқа да мағынада айтылған сөздерді анықтауы; • шығармашылық жұмыстарды орындауы, терең дәлелдеулермен қызықтыруы, түрлі жанрдағы мәтіндерді (әдебиет, сыни, тарихи, философиялық, ғылыми және т.б.) меңгеруде терең білімділігін көрсетуі тиіс.
2-БМ	Тілдік құзырлық Оқушы: • оқылатын тілді ауызша дәл және тиімді меңгеруі, сол сияқты жазбаша түрде қарапайым шартты белгілерді лайықты лексикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымдарды және пунктуациялық белгілерді қолдана білуі; • әртүрлі жанрдағы күрделі мәтіндердің лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін талдауы және құрылымын салыстыруы, анықтауы тиіс.
3-БМ	Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі Оқушы: • өздерінің жеке пікірлерін, идеяларын жеткізуі, әртүрлі әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндерді, жағдайлар мен фактілерді жаһандық мәселелерге әкеле отырып бағалауы; • қазіргі заманғы қоғам мен ұлттық мәдениет туралы білімін жеткізуі тиіс.

3 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Барлық оқушылар **1 емтихан жұмысын** орындайды. Емтихан жұмысы оқушылардың келесі дағдыларын бағалайды: мәтіндердің ерекшеліктерін анықтау және түсіндіру; ақпаратты жазбаша түрде ұсыну; оқылған ақпаратты шебер өңдеу және оны дәлел ретінде пайдалану; шығармашылықпен жазу.

3.1 Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым

Оқушыларға 60 баллмен бағаланатын екі міндетті тапсырманы орындауға 2 сағат 15 минут беріледі.

1-сұрақ үшін мәтіндер қазақ тіліндегі көркем мәтіндерден үзінділер, жарнама, брошюралар, үнқағаздар, редакциялық мақалалар, жаңалықтар, шолулар, блог жазбалары, журналистік зерттеулер, хаттар, автобиография, күнделіктер, эссе секілді әртүрлі дереккөздерінен алынады.

Бұл тапсырма оқушылардың мәтіндердің ерекше айырмашылықтарын анықтау және түсіндіру қабілеттерін, өз жауаптарында ақпараттарды дұрыс ұйымдастыру мен жазылымның қызметін байланыстыра алуын, сөздік қоры секілді аспектілерге түсінік беруін, нақышты сөздерді қолдануын (мысалы, метафора мен теңеуді қолдану), сөздердің реті мен

сөйлем құрылымын, коммуникациялық қарым-қатынасын, тысқары пікір мен алдын ала болжай алуын, өз мәтінін шығармашылықпен жазуға және баяндау стиліне сәйкес грамматикалық құрылымдарды қолдануға қабілеттілігін бағалайды.

Балдар балл қою кестесіне сәйкес қойылады.

Бағалау міндеттері	Балдар	Сипаттамасы
1-БМ 2-БМ 3-БМ	35	1-сұрақ көлемі 600 сөзден кем емес екі мәтіннің үзіндісіне негізделген, өзара байланысы бар тақырыптарға қатысты 2 жазбаша тапсырмадан тұрады: 1(а) тапсырмасында оқушыдан екі үзіндінің стилі мен тілін салыстыру талап етіледі; 1(ә) тапсырмасында оқушылар белгілі бір тақырыпта және арнайы аудиторияға сәйкес лексиканы қолданып, 150-180 сөзден тұратын мәтін жазуы керек. Оқушылар мәтін жазу барысында үзіндінің түпнұсқасынан дәлелдер мен фактілерді келтірулері керек.
1-БМ 2-БМ 3-БМ	25	Оқушылар үш сұрақтың біреуін таңдайды. Олар 350–450 сөзден тұратын баяндау немесе сипаттау мәтінін (шығармашылық жазылымды) жазуы қажет. Берілген сұрақ оқушының оқиғаны бейнелі баяндай алуын, оқырманға ерекше әсер ету үшін сәйкес тілдік құралдар мен тәсілдерді қолдану, мысалы, көңіл күйді жеткізе алуы немесе кейіпкерді сипаттай алуы секілді қабілеттерін бағалайды.
Барлығы	60	

3.2 Балдардың үлестірілуі

Жалпы бағалау мен әр емтихан тапсырмасы үшін қойылған балл саны төменде шамамен берілген.

Бағалау міндеттері	Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым
1-БМ Коммуникативтік құзырлық	30
2-БМ Тілдік құзырлық	20
3-БМ Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі	10
Барлығы	60

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

3. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев

Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі баптарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау;

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын Аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі.

Баға	Сипаттамасы
А	Қазақ тілін толық меңгергенін, ғаламдық, әлеуметтік, мәдени сұрақтар жайлы білімін және пән ішіндегі байланыстарды түсінетінін көрсетеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мәтіндермен ара қатынасын жеңіл және дәлме-дәл белгілей алады. Тіл сапасы Құрамында әр түрлі ерекшеліктері мен формалары қамтылған сөйлеу тіліндегі сілтемелер мен мәдени иллюзиялары бар көптеген күрделі мәтіндерді және олардың астарлы мағынасын түсінеді. Әлеуметтік, академиялық және іскерлік мақсаттағы нақты стильде тілдік формалардың алуан түрлерін, лексикада аз қолданылатын сөздік қорды, күрделі құрылымдарды еркін және дәлме-дәл пайдаланады. Берілген деңгейде күтілетін мол сөздік қор мен грамматикалық формаларды қатесіз қолданады. Қажетті деңгейге сәйкес стиль мен барлық заңдылықтарды сақтайды. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Мәтін мазмұнында кең мағынасы бар күрделі идея толығымен ашылған, ұйымдық құрылымдар мен байланыс құралдарын кеңірек пайдалана

	алған. Оқушылар барлық ақпарат көздеріне қол жеткізе алады, ақпараттарды саралай алады, өз ойларын еркін, жоспарсыз жеткізе алады. Коммуникативтік міндеттердің шартты белгілерін білетінін көрсетеді. Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, тұтас аудиторияның назарын ұстай алады, күрделі идеяларды тиімді және сенімді етіп жеткізе алады.
С	Қазақ тілінен жақсы білімін көрсетеді, жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтар мен пәнішілік өзара байланысты айқын түсінеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мәтіндермен ара қатынасын белгілей алады. Тіл сапасы Құрамында әр түрлі ерекшеліктері мен формалары қамтылған сөйлеу тіліндегі сілтемелер мен мәдени иллюзиялары бар жеткілікті күрделі мәтіндерді және олардың астарлы мағынасын түсінеді. Әлеуметтік, академиялық және іскерлік мақсаттағы нақты стильде тілдік формалардың алуан түрлерін, лексикада аз қолданылатын сөздік қорды, күрделі құрылымдарды дұрыс пайдаланады. Қарапайым және күрделі грамматикалық формаларды пайдалануды бақылайды және пайдаланады. Кей жағдайда мәтіннің мазмұнын түсінуде қиындық келтірмейтін қателерді жібереді. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Мәтін логикалық бірізділікпен жақсы құрылған және ұйымдық құрылымдар мен байланыс құралдарын кеңірек пайдалана алған. Негізгі мағынасы баяндалған, бірақ кейбір маңызды идеялар дамымаған. Жазбаның құрылымы түсінікті, бірақ арасында ой жалғасын бақылап отыру қиынға түседі; кейбір идеялар бір-бірімен жақсы байланысқан. Әлеуметтік және академиялық мәнмәтінде өз ойын едәуір еркін жеткізеді. Мәтін түсінікті және әр түрлі тақырыптарды кеңірек қолдана отырып жете сипатталған; өзекті тақырыптар бойынша өзінің көзқарасын білдіреді.
Е	Қазақ тілінен базалық білімін көрсетеді, жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтар мен пәнішілік өзара байланысты қарапайым деңгейде түсінеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мәтіндермен ара қатынасын белгілеуде қиналады. Тіл сапасы Күрделі мәтіндерді түсінуде базалық білімін көрсетеді, бірақ олардың ерекшеліктері мен астыртын мағыналарын түсінбейді. Осы деңгей үшін аздаған грамматикалық құрылымды пайдаланады. Сөздік қоры жұтаң, сөздерінде (орфографиялық, мағыналық) қателер жиі кездеседі. Қайталанатын қателер маңызды да, маңызды емес те қателер болып саналады және мәтіннің мазмұнын түсінуде жиі қиындық тудырады. Мәтіннің мақсатына келетін стиль мен заңдылықтар туралы бейхабар. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Тапсырманың көп жерлері түсініксіз, бірнеше маңызды идеялары мен жіберілген кемшіліктері бар. Мәтін анық құрылмаған, идеялары бір-бірімен байланыспайды немесе жеткілікті дәрежеде байланыспаған. Таныс тақырыптарға да қарапайым байланыстағы мәтін жазылған. Берілген мәтіннің түріне қажетті, маңызды шартты белгілердің көп бөлігінен қателіктер жібереді. Ойы жұтаң берілген, тұтас аудиторияға кері әсерін тигізеді.

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы және нақты. Жалпы балл қою кестесі жекеленген сұрақтардың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды, тек сұрақтарға қолдануға арналған. Нақты балл қою кестесі әр тапсырмаға байланысты әртүрлі болып келеді. Олар сұраққа жауаптың үлгі мазмұнын көрсетеді және нақты бір сұрақ үшін арнайы жазылады. Нақты балл қою кестесі емтихан тапсырушылар үшін тек **үлгі ретінде** ғана пайдаланылуы тиіс. Жауаптың басқа да қолайлы нұсқалары қабылданады.

Төменде мысал ретінде сұрақтар берілген.

Әрбір сұрақтың соңында оған берілетін балл көрсетілген, мысалы [15].

Балл қою кестесі әр тапсырмаға қандай балл қойылатындығы көрсетіледі.

7.1 Емтихан жұмысы. Оқылым және жазылым

Төменде берілген отбасы құндылықтарының сақталуы жайлы екі мәтінді оқып, 1(а) және 1(ә) тапсырмаларының **екеуіне** де жауап жазыңыз.

- 1 (а) **Екі** мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилін, формасын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптаңыз.

[15]

- 1 (ә) **Екі** мәтіндегі ақпарат пен өз пікірлеріңізді пайдаланып, мектеп журналына «Дәстүрлі әже тәрбиесінің бүгінгі қоғамдағы маңызы жойылып бара ма?» деген тақырыпта аргументті эссе жазыңыз. Пікіріңізді қажетті деректермен қолдап, қорғай біліңіз. Сөз саны 150–180 сөзден тұруы тиіс.

[20]

А мәтіні: С. Мұратбековтің «Ананың арманы» әңгімесінен үзінді

Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын. Өз құрсағынан шыққан үш ұл, бір қыздан өніп-өскен өркеннің өзі кішігірім бір ауыл дерліктей боп қалдық. Ең үлкені менің әкем Көсембай — колхоздың бас бухгалтері, дүниені қалай шайқап жүремін десе де қолынан да, тілінен де келеді; ортаншысы Әсембай — колхоздың маңдай алды шопандарының бірі. Москва, Алматыдағы мәжіліс, көрмелерге жылына үш-төрт барып қайтады; кіші ұлы Еселбай — жоғары оқу орнын, одан кейін аспирантураны бітірген, ғалым деген атақ алуға сүйем қарыс жүрген адам, қазір аудандағы беделді қызметкер; ал кенжесі Мәржәпия — үш ағасының арқасында маңдайынан ешкім қақпай бұла боп өскен, адуын қыз, жуырда ғана ауылдағы ең көрікті жігітке ұзатылды.	5
Міне, әжемнің барар өрістері осындай. Ендігі бір аңсайтыны шөбере сүй, тек әттең немерелері кәмелетке толмай жатыр. Немерелерінің ең үлкені — мен он алтыға биыл ғана толдым. Әрине, он сегізге тола қалған күнде де үйлене қояйын деп жүрген мен жоқ. Бірақ әжемнің жатса-тұрса армандайтыны менің тезірек өсуім.	10
Шынында да менің әжем әлі жас — алпыстың үшеуінде ғана, кәрілікке жеңдірмеген, жүріс-тұрысы жинақы, пысық. Бейнетқор-ақ адам. Қай баласының үйіне барса да басынан асқан үй шаруасына тап болады. Мүмкін соның бәрі де ана үшін бақыт шығар. Өле-өлгенінше қолынан келгенінше балаларының отымен кіріп, күлімен шыққанды әрбір ананың өзі-ақ тілейтін шығар. Сондықтан да мен әжемді дүниедегі бақытты ананың бірі санайтынмын.	15
Әжем менімен кішкене күнімнен сырлас. Екеуміз оңаша қалғанымызда өткен-кеткенін айтып, ерінен жастай жесір қалып, үш ұл, бір қызды қалай адам ғып өсіргенін әңгімелейтін. Мен әжемнің көрген бейнетіне, кереметтей төзімділігіне жаным аши отырып сүйсінемін. Сондайда қолымнан келсе әжемді үлде мен бүлдеге орап, тырп еткізбестен төрге төрт қабат көрпенің үстіне отырғызып қойсам деп арман етуші едім. Менің осы ойымды жақсы ұғатын әжем:	20
	25

— Қозым, қозым... Сенің осы айтқаныңның өзі-ақ маған үлде мен бүлде емес пе. Айналдым сенен! Басқа күшіктер тегіс жиналып бір төбе болғанда, сен өзің бір төбе емессің бе, маған, - деп еміренетін.	30
---	-----------

Ә мәтіні. Блог жазбасынан үзінді

Бір күні құрбыммен әңгімелесіп отырып, сөз арасында баласына «жалдамалы тәрбиеші» іздеп жүргенін білдім. Оның ата-енесінің зейнетке шыққан, қалада тұратын адамдар екенін білетін едім. Құрбыма «баланы ата-енеңе бермейсің бе, немересі ғой бағып берер. Оларға да алданыш болады ғой» дегенмін. Сөйтсем, олар «Бала бағып шаршағанбыз, немерені бақпаймыз. Одан да тәрбиеші жалдай салыңдар» депті. Құрбым қомақты қаржыға тәрбиеші жалдауға жағдайының жоқтығын, ал «арзан» тәрбиешіге сене алмай дал болып жүргенін айтты. Шынымен де кешегі бір рулы елдің баласын тәрбиелеуден қашпайтын өз аналарымыз бүгінде өз немересін, өзінің артынан ерген ұрпағын тәрбиелеуден қашқаны ма? Иә, бүгінде «әжелер мектебі» өз болмысын әлсіретіп алғандай. Кеше ғана ата мен әженің ұл-қызына, немерешөбересіне айтар ақылы, көрсетер үлгісі мен ғибраты мол еді. Заман талабы ма, кім білсін, әйтеуір ғаламды шарпыған жаһандану ұлттық тәрбиеге әуел бастан-ақ өзінің әлімжеттігін көрсеткен. Сол себепті бүгінгі әжелердің бұрынғы әжелермен салыстырғанда өмір сүру қалпы, тәрбиеге ден қоюы, бәрі-бәрі өзгерген. «Балам – балым, баламның баласы – жаным» деп баласын өскенше, немересін өлгенше бағатын өз әжелер саны күрт азайған. Бүгінде қаладан да, даладан да немересін бесік жырымен әлдилеп, ертегімен елітіп, қазақтың ән-күйін, жыр-дастанын тыңдатып, аңыз-әңгімесімен сусындатып отыратын әжені табу қиынның қиыны. Әрине, көпке топырақ шашуға болмас. Алайда көшеде немересін жетелеп бара жатқан әжені көріп қуансаң да, әңгімесін тыңдаған соң кейіп қайтасың, себебі немересімен шүлдірлеп орысша сөйлесіп бара жатады. Ал мұндай әже ұрпағын ұлттық тәрбиемен сусындатады дегенге кім сенеді? Ілгеріде әжелеріміз балаларын еркелеткенде «ботам», «ботақаным», «бота көзім», «қоңыр қозым», «құлыншағым» деуші еді. Бүгінде «лапочка моя», «зайчонок», «котенок», «мышка» деп мысыққа да, күшікке де теңей саламыз. Осы күнгі бала Алпамыстай алыптарды, Көлтауысар мен Желаяқты, Таусоғар мен Толағайды білмейді, себебі олар жайлы ертегінің майын тамызып айтып берер әже жоқ. Баланы бағатын әжелердің өзі ертегі айтып шаршағанша, теледидарды қосып қойып, сондағы түрлі жантүршігерлік мультхикаялар мен шетелдік фильмдерді баласына көрсеткенді оң санайды. Бұл да рухани, ұлттық сананың құлдырауының бір сипаты сынды.	5 10 15 20 25
---	--

2-сұрақ

Ұсынылған **үш** сұрақтың ішінен **біреуіне** жауап беріңіз. Әр сұраққа 350–450 сөзден тұратын жауап жазыңыз.

Шығармашылық жазба жұмысы

1 Сіз әуесқой велосипедші ретінде Қазақстандағы велосипед спортының 100 жылдығына арналған велосипед жарысына қатыстыңыз. Сіздің осы велосипед жарысына қатысу себебіңіз бен оның қалай өткендігі туралы бөлісіңіз. Өзіңіз бен өз еліңіз үшін мақтаныш сезіміңізді жеткізіңіз.

[25]

2. Өз қиялыңызға ерік бере отырып «Мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл» сөздерімен аяқталатын әңгіме жазыңыз.

3 Сізге келешектің кітапханасына кіріп көруге мүмкіндік болды деп елестетіңіз. Ол қандай екенін, онда не барын сипаттаңыз. Жаңалықты сезіну мен жағдайдың ерекшелігін жеткізіңіз.

Балл қою кестесі

1(а) тапсырмасының жалпы балл қою кестесі

Диапазон	Балл саны	Сипаттамасы
5	13-15	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін өте жақсы түсініп талдайды; арнайы балл қою кестесіндегідей етіп көрсетеді. - Өте ауқымды сөздік қорды және тілдік құрылымды орынды және сенімді қолданады.
4	10-12	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін жақсы түсініп талдайды; арнайы балл қою кестесіндегідей етіп көрсетеді. - Ауқымды сөздік қорды және тілдік құрылымды орынды қолданады.
3	7-9	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін қанағаттанарлық деңгейде түсініп талдайды; арнайы балл қою кестесіндегі кейбір жауап нұсқаларын қамтиды. - Қанағаттанарлық сөздік қорды және тілдік құрылымды жалпы орынды қолданады.
2	4-6	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін шектеулі түсінеді, талдауға талпыныс жасайды; арнайы балл қою кестесіндегі шектеулі жауап нұсқаларын қамтиды. - Шектеулі сөздік қорды және тілдік құрылымды орынсыз қолданады.
1	1-3	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін өте шектеулі деңгейде түсінеді; арнайы балл қою кестесіндегі өте шектеулі жауап нұсқаларын қамтиды. - Өте шектеулі сөздік қорды қолданады.
0	0	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін түсінбейді; арнайы балл қою кестесіндегі жауап нұсқаларын қамтымайды. - Сөздік қоры өте нашар.

1(а) тапсырмасының арнайы балл қою кестесі

Берілген арнайы балл қою кестесі «1(а) тапсырмасының жалпы балл қою кестесімен» бірге қолданылады.

Төменде берілген арнайы балл қою кестесі 1(а) тапсырмасының болжалды мазмұнын көрсетеді және бұл тек қана емтихан алушыларға үлгі ретінде қолданылуы тиіс. Оқушылар өз жауаптарын мәтін түрінде жазады және өз түсініктері оқыған мәтіндерінің мысалдарымен

салыстырғанда төменде берілгендерден өзгеше болуы мүмкін .

ЕКІ МӘТІННІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ	
• екі мәтін де жазбаша формада берілген; • екі мәтіннің де ортақ тақырыбы – әжелердің отбасы мен ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі және осы рөлдің қазіргі замандағы көрінісі.	
ЕКІ МӘТІННІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ	
А мәтіні	Ә мәтіні
Мазмұны	
Бір әженің өмірі мен ұрпағына жасаған қамқорлығы арқылы ана бақытының дәстүрлі түрін сипаттайды. Әженің еңбекқорлығы, балаларының жетістігімен қуануы, сүйіспеншілігі суреттеледі. Мәтін позитивті және эмоционалды.	Жалпылама түрде қазіргі әжелердің ұрпақ тәрбиесінен алыстап, дәстүрлі рөлінің әлсіреп бара жатқанын талқылайды. Ұлттық тәрбие мен тілдің жоғалуына қатысты мәселелер көтереді. Мәтін сыни әрі актуалды мәселені көтерген.
Көзделген аудиториясы	
Жалпылама түрде қазіргі әжелердің ұрпақ тәрбиесінен алыстап, дәстүрлі рөлінің әлсіреп бара жатқанын талқылайды. Ұлттық тәрбие мен тілдің жоғалуына қатысты мәселелер көтереді. Мәтін сыни әрі мәселелі сипатта.	Қоғамдық мәселелерге бей-жай қарамайтын, ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарға алаңдайтын, пікірталасқа дайын оқырмандарға (блог оқырмандары).
Мақсаты	
• кейіпкердің ішкі әлемін, сезімін және ана бақытының дәстүрлі көрінісін суреттеу арқылы оқырманға эмоционалды әсер ету; • жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптеу; • ұлттық құндылықтардың жаһандық мәдениет шегінде алатын орны жайлы болжамды негіздеу.	• ұлттық құндылықтарымыздың көріністерін сынға алу; • нақты мәселені көтеріп, оның себеп-салдарын талқылау. Оқырманды ойландырып, пікір айтуға немесе мәселеге назар аударуға шақыру.
Стилі	
• Көркем әдеби стиль. Баяндау, суреттеу, кейіпкердің ішкі ойын беру басым. Кейіпкердің эмоциясы, қарым-қатынасы нақты мысалдар арқылы берілген.	• Публицистикалық стиль. Мәселелік сұрақтар, салыстырулар, сыни көзқарас пен қоғамдық пікір айтуға арналған.
Тілі	
Лексика Мәтіннің лексикасы отбасылық құндылықтар мен қарым-қатынасты сипаттауға бағытталған. Көркем сөздер мен тұрақты тіркестер:	Лексика Мәтіннің лексикасы қоғамдық мәселелер мен құбылыстарды талқылауға арналған.

«Қолынан да, тілінен де келеді» – әкесінің іскерлігін, шешендігін көрсетеді. «Шүйкебасын көрсем» – тұрақты тіркес, әжесінің немересін үйлендіріп, келін түсірсем деген арманын білдіреді. «Үлде мен бұлдеге орап» – әжесіне деген махаббатын көрсету үшін қолданған. Кішігірім бір ауыл дерліктей» – ұрпақтың көптігін көрсететін теңеу. «Сен өзің бір төбе емессің бе» – немересінің ерекше маңыздылығын, артықшылығын көрсетету үшін қолданған. Зат есімдер: «Әжем», «ұрпақ», «бейнет», «арманым» – мәтіннің негізгі идеясы отбасылық қарым-қатынас пен құндылықтарға құрылғанын көрсетеді. Сын есімдер: «Бейнетқор», «пысық», «адуын» – кейіпкерлердің мінез-құлқын дәл сипаттау үшін қолданылған. Өткен шақ: «Санайтынмын», «арман етуші едім» – баяндаушының әжесіне деген сезімінің тұрақты болғанын көрсетеді. Болжалды келер шақ: «Жылына үш-төрт барып қайтады» – тұрақты қайталанатын іс-әрекетті білдіреді. Синтаксистік ерекшелігі: мәтіндегі ойдың күрделі етіп берілуі бұл жай сөйлемдердің құрамындағы күрделі атаулардың, бірыңғай мүшелердің көптеп қолданылуымен байланысты. Жай сөйлемдер: «Сондықтан да мен әжемді дүниедегі бақытты ананың бірі санайтынмын.» – Бұл жай сөйлем бүкіл мәтін бойындағы баяндауды қорытындылап, автордың негізгі ойын түйіндейді. Себеп-салдарлық байланысты білдіреді. «Қай баласының үйіне барса да басынан асқан үй шаруасына тап болады» – Бұл сөйлемнің баяндаушы («тап болады») арқылы әженің күнделікті, тұрақты іс-әрекеті суреттеледі. Құрмалас сөйлемдер: "Ендігі бір аңсайтыны шөбере сүю, тек әттең немерелері кәмелетке толмай жатыр.» – Бұл сөйлем қарсылықты салалас құрмалас сөйлем. Бірінші бөлігіндегі арманға («шөбере сүю») екінші бөліктегі кедергі («немерелері кәмелетке толмай жатыр») қарсы қойылып, әженің ішкі арманы мен өмір шындығының арасындағы алшақтық көрсетілген.	публицистикалық сипат беріп тұрған мынадай тілдік аспектілерді атап өтуге болады: «ұлттық сананың құлдырауы», «жаһандану», т.б. Кірме сөздер: «Лапочка моя», «зайчонок», «котенок», «мышка» – қазақ тіліндегі шұбарлану мәселесін нақты мысалдармен көрсету үшін қолданылған. эмоционалды-экспрессивті реңкі басым тіркестер берілген. Мысалы, «әлімжеттігін көрсету», «кейіп қайту», «майын тамызып айтып» - ұлттық құндылықтарымыздың қазіргі күйін жеткізу үшін; Синтаксистік ерекшелігі: Мәтін көбіне сұраулы, риторикалық сұраулы және себеп-салдарлық сөйлемдерден тұрады. Сұраулы сөйлемдер: «Шынымен де кешегі бір рулы елдің баласын тәрбиелеуден қашпайтын өз аналарымыз бүгінде өз немересін... тәрбиелеуден қашқаны ма?» – Бұл сөйлем риторикалық сұрақ болып табылады. Ол жауап күтпей, оқырманды қазіргі жағдай туралы ойлануға, салыстыру жасауға итермелейді. Автордың алаңдаушылығын жеткізудің ең тиімді тәсілі. «Мұндай әже ұрпағын ұлттық тәрбиемен сусындатады дегенге кім сенеді?» – Тағы бір риторикалық сұрақ. Бұл арқылы автор өз пікірінің дұрыстығына сенімді екенін көрсетеді және оқырманның келісетініне үміттенеді. Құрмалас сөйлемдер: «Алайда көшеде немересін жетелеп бара жатқан әжені көріп қуансаң да, әңгімесін тыңдаған соң кейіп қайтасың...» – Бұл қарсылықты салалас құрмалас сөйлем. Бір жағынан қуаныш сезімін білдірсе, екінші жағынан орыс тілінің басымдығынан туындаған өкініш сезімін жеткізеді. Бұл – қазіргі қоғамның қайшылыққа толы жағдайын синтаксистік құрылым арқылы көрсету. Мәтіннің авторы қазіргі қоғамдағы әжелердің дәстүрлі рөлінен алыстап бара жатқанын сынай отырып, осының
--	--

Автор әжесінің өмірін, ішкі жан дүниесін және оның бақыт туралы түсінігін ашуды көздеген. Ол үшін көркем тіл мен тұрақты тіркестерді қолдану арқылы (мысалы, «оттымен кіріп, күлімен шыққан», «шүйкебасын көрсем») дәстүрлі қазақ әжесінің бейнесін сомдайды. Бұл оқырманға кейіпкердің заман талабына емес, ұлттық құндылықтарға сай өмір салтын ұстанатынын жеткізеді. Эмоционалды сөздерді қолдану арқылы («жаным аши отырып сүйсінемін», «еміренетін») баяндаушының әжесіне деген шексіз сүйіспеншілігі мен құрметін көрсетеді. Мақсаты — оқырманның да осы сезімге бөленіп, әженің образына жанашырлық танытуына әсер ету. Диалогтарды қолдану арқылы әженің ойы мен сөзін тікелей беру арқылы оның мінезін, даналығын және өзінің бақытты екенін жеткізудегі шеберлігін көрсетеді. Мәтіндік сипаты: Бұл мәтін - біртұтас көркем прозалық туындыдан алынған үзінді. Оның құрылымы әңгімелеуге негізделген. Мәтінде абзацтар бір-бірімен логикалық және эмоционалды түрде тығыз байланысқан. Әр абзац алдыңғысының жалғасы іспеттес, яғни: әженің балаларынан бастап, оның арманына, мінезіне және соңында баяндаушымен арадағы ерекше қарым-қатынасына дейін біртіндеп, жүйелі түрде дамиды.	салдарынан ұлттық тәрбиенің әлсіреп жатқанына қоғамның назарын аударуды мақсат еткен: («әлсіретіп алғандай», «ұлттық сананың құлдырауы», «жаһандану») мәселенің терең екенін және оның тек жеке отбасының ғана емес, жалпы ұлттың мәселесі екенін көрсетеді. Кірме сөздер мен тұрақты тіркестерді қолдану арқылы («лапочка моя» және «кейіп қайтасың») дәстүр мен қазіргі заман арасындағы алшақтықты нақты мысалдармен дәлелдейді. Мұның мақсаты — оқырманды мәселенің шынайылығына сендіру. Риторикалық сұрақтарды қолдану арқылы («Кім сенеді?», «Заман талабы ма?») автор оқырманды пассивті қабылдаушы емес, керісінше, белсенді ойшыл ретінде қатысуға шақырады. Автордың басты мақсаты — «әжелер мектебі» ұғымының маңызын дәлелдей отырып, қазіргі қоғамды дәстүрлі тәрбие мен ұлттық құндылықтарды сақтауға үндейтін пікірталас тудыру. Мәтіндік сипаты: Бұл мәтін - қоғамдық мәселеге арналған блог жазбасы немесе мақала үзіндісі. Оның құрылымы аргументтерге және мәселені талқылауға бағытталған. Екінші мәтінде абзацтар бір-бірімен логикалық дәлелдемелер арқылы байланысқан. Мәселенің қойылуынан бастап, оның тарихи себептері, қазіргі көріністері және соңғы салдары бірінен кейін бірі жүйелі түрде баяндалған. Бұл құрылым публицистикалық мәтінге тән және оқырманды автордың пікіріне сендіруге бағытталған.
--	---

1ә тапсырмасының жалпы балл қою кестесі

Диапазон	Коммуникативтілігі	Тіл сапасы
5	9–10 балл - Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін терең түсінеді. - Өз көзқарасын қолдау үшін материалды шебер қайта өңдей	9–10 балл - Күрделі түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды өте жақсы түсінеді. - Тілі барлық жерде сауатты, кездейсоқ сирек қателер болуы мүмкін, көркем, таза жазады.

	біледі. • Орынды стильді жоғары деңгейде қолданады.	
4	7–8 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін жақсы түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды жақсы қайта өңдей біледі. • Барлық жерде және негізінде орынды стильді үзіліссіз қолданады.	7–8 балл • Қарапайым және кейбір күрделі түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды жақсы түсінеді. • Тілі жалпы сауатты, сирек қателер болуы мүмкін.
3	5–6 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін қанағаттанарлықтай түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қанағаттанарлықтай қайта өңдей біледі. • Стильді қанағаттанарлықтай қолданады.	5–6 балл • Қарапайым ойларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды қанағаттанарлықтай түсінеді. • Тілдің сауаттылығы қанағаттанарлықтай. Қателер анық көрінеді, бірақ мағынаны түсінуге кедергі келтірмейді.
2	3–4 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін шектеулі түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қайта өңдеу кезіндегі кейбір талпынысы көрінеді. • Бірізділік сақталмаған және стильді қолдануда қателер жібереді.	3–4 балл • Тек қарапайым ғана ойларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды шектеулі түсінеді. • Тілі жалпы сауатсыз, кейде мағынаны түсінуге кедергі келтіреді.
1	1–2 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін өте шектеулі түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қайта өңдеу кезіндегі өте шектеулі талпынысы көрінеді. • Жарамсыз стильді қолданады.	1–2 балл • Ойларын жиі байланыссыз жеткізеді; грамматикалық және лексикалық нормаларды өте шектеулі түсінеді. • Түсінбеушілікке әкеліп соқтыратын қателіктер өте жиі қайталаынады.
0	0 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін мүлде қате түсінеді. • Көлемі жағынан жеткіліксіз	0 балл • Грамматикалық және лексикалық нормаларды меңгермейді. • Үнемі қайталанатын қателер; жеткізілген ой анық емес.

	немесе байланыссыз орындалады.	
--	--------------------------------	--

2-сұраққа арналған жалпы балл қою кестесі: Шығармашылық жазба жұмысы

Диапазон	Балл	Сипаттамасы
5	21-25	- Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені өте жақсы қолданады, аудиторияны толық тарта біледі, мәтіннің сәйкес формасын дәлелді қолданған. - Құрылымы сәйкес және қатаң сақталған. - Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын өте жақсы қолданған. - Мазмұндауы еркін, мәнерлі ойластырылған, күрделі әсерлерге қол жеткізеді. - Сауаттылықтылығы жоғары деңгейде.
4	16-20	- Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені орынды қолданады, аудиторияны тарта біледі, мәтін формасының қолданысы жүйелі. - Құрылымы сәйкес және сақталған. - Оқырманға ерекше әсер ету үшін тілдің шығармашылық қолданысы нақты, анық. - Қажетті әсерге жетуге ықпал ететін анық және үзіліссіз мазмұндауы бар. - Мағынаны жеткізуде кездейсоқ қателер қиындық тудырмайды.
3	11-15	- Сәйкестендірілген құрылымы мен шығармашылық қабілеті анық, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді. - Қолданылған құрылымы дұрыс, бірақ кейбір жағдайда жүйеленбеген, құрылымнан ауытқу кездеседі немесе біртекті құрылымдар бар. - Тіл қолдануға деген талпынысы, суреттеу мен баяндау жазбалары қажетті деңгейде. - Нақты, бірақ біртекті сөз құрылымдарын қолданады. - Шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	- Қажетті ұстаным мен мазмұн бар, аудиторияны сезу қабілеті байқалады. - Құрылымында ауытқушылық кездеседі, (дәл анық емес), нақты суреттеу мен карама-қайшылықтарды баяндау қабілеті бар, бірақ солғын. Өз ойын жобалап жеткізеді. - Тілдік амал құралдарын қолдану әрекеті бар, суреттеу, сипаттау элементтері қанағаттандырылғы деңгейде. - Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады. - Шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы жиі кездеседі.
1	1-5	Мағына мен мәселеге тоқталғанмен, шығармашылық тәсілдемеге сай емес, формасы нақтыланбаған, мысалы, суреттеу сұрағына баяндау арқылы жауап береді, өз ойын білдіруде шектеуліктер байқалады.

		• Құрылым әлсіз, ұйымдастырылмаған, ауытқулар жиі байқалады. • Тек кейбір жағдайда ғана тілдің жиі қолданылатын әдістері баяндау мен суреттеу жазбаларына сәйкес. • Шақтарды қолданылуы анық емес, құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.
0	0	• Жұмыс қойылған мақсатқа сай емес, түсініксіз, құрылым мен мазмұны сай емес. • Төменгі деңгейдегі құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) оқушының жалпы әсер ету қабілетін көрсетуге кедергі келтіреді.